

Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 10-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 217-ө Өкімі

2005 жылғы 30-31 тамызда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 10-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның (бұдан әрі - ХҒПК) өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасына ХҒПК-ға шақырылған тұлғалардың қонақ үйде тұруына, тамақтануына және баратын пунктіне дейінгі көліктік шығындарына ақы төлеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 21548006 (жиырма бір миллион бес жүз қырық сегіз мың алты) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы